

Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Күші жойған

Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 30 наурыздағы N 179 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Панфилов ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 03 мамырда N 2-16-135 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 26 наурыздағы N 193 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов аудандық әкімдігінің 2012.03.26 N 193 Қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 8-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19-бабының 3-тармағына, 20-бабының 1-тармағына, 23-бабының 1-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасының Президентінің 2011 жылдың 03 наурыздағы N 1163 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылдың 03 наурызындағы N 1163 Жарлығын іске асыру туралы N 250 Қаулысы негізінде аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Қала, ауылдық округ әкімдеріне Жаркент қаласы, Розыбакиев көшесі, 36 үй мекен-жайындағы шақыру учаскесіне "Панфилов ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі арқылы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтар 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін әскерге шақыруды өткізу кезеңіне аудандық шақыру комиссия құрамы 1-қосымшаға сәйкес

қ ұ р ы л с ы н .

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2-қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

4. Қала, ауылдық округ әкімдері 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында өтетін шақыру мерзімінде әскер қатарына шақырылғандарды, олардың шақыру учаскесіне шақырылғандығы туралы хабардар етіп және олардың дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

5. "Панфилов аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Амиров Мейрамбай Кенжебайұлы келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды өз құзіреті шегінде ұйымдастырып жүргізсін, ішкі істер органдары әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді сондай-ақ әскерге шақырылушылардың әскери бөлімдерге жөнелтілуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етсін.

6. "Панфилов ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі әскерге шақыруды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруды бюджетте көзделген қаражат шегінде қамтамасыз етсін.

7. Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 5 мамырдағы "Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізуді ұйымдастырып, қамтамасыз ету туралы" N 239 қаулысының күші жойылған деп танылсын (нормативтік құқықтық акті 2010 жылдың 25 мамырында нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізіміне N 2-16-114 болып енгізілген, аудандық "Жаркент өңірі" газетінің 2010 жылғы 10-шы тамызында N 28 санында жарияланған).

8. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Раев Амантай Абдықадырұлына жүктелсін.

9. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Келемсейіт

Аудан әкімдігінің 2011 жылдың
30 наурыздағы "Қазақстан
Республикасының азаматтарын
2011 жылдың сәуір-маусымында
және қазан-желтоқсанында
кезекті мерзімді әскери қызметке
шақыру туралы" N 179 қаулысына
1-қосымша

Аудандық шақыру комиссиясының құрамы

--	--

13	Жаскент а/о	75																		
14	Жаркент к/о	525				50			50			50			50			50	50	50
Барлығы:		3181																		

*Панфилов ауданының Қорғаныс
істері жөніндегі бөлімінің
М. Мұқанов*

бастығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК